

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 1838

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамынан алған жылу қуаты үшін берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1995 жылғы, 1 желтоқсандағы жағдай бойынша "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы мен республикалық бюджет арасында қосылған құнға салынған салық бойынша 4694 мың (төрт миллион алты жүз тоқсан төрт мың) теңге сомасындағы берешекке бір жолғы есептеу жүргізісін;

аталған сома Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің операциялық шығындарын қаржыландыру есебіне есептеліп, ол бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер

жөніндегі комитеті тұтынылған жылу энергиясы үшін кредиторлық қарызды, қаржыландыру кезінде операциялық шығындарға бюджеттен бөлінетін қаражат есебіне есептейтін болсын.

3. "Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің дебиторлық қарызын республикалық бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі кредиторлық қарызды өтеу есебіне есептейтін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

